

## МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР:

### Қауіпсіздік туралы ескертулер



#### Маңызды!

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға болмайды. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған жағдайда жолатпаңыз.
- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа

толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді. ЕСКЕРТУ — Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыны пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Қыздырғыш аяқтарымен бірге пайдаланылған кезде, оны ваннаға, раковинаға, душтарға және бассейндерге өте жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғыны қабырғаға бекіткіңіз келсе, қосқыш пен басқа да басқару элементтерін жуынатын бөлмедегі немесе душтағы басқа адамдар ұстамаулары керек.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, техникалық қызмет орталығы немесе сол сияқты білікті маман



ауыстыруу керек.

- **HA3AP AУДАPЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны сыртқы таймермен іске қосу керек.
- Бұл құрылғыны үздіксіз бақылау болғанға дейін өздері шығып кете алмайтын адамдары бар шағын бөлмелерде пайдалануға болмайды.



### **Ескеріңіз:**

- Бұл қыздырғышты жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Қыздырғыш ыстық болған кезде қуат кабелін оның үстіне қоймаңыз.
- Біз сізге қыздырғышты өтпе желі бар жерге орналастырмауды ұсынамыз, себебі ауаның қатты өтпе желі құрылғының пайдалану тиімділігіне едәуір әсер етуі мүмкін.
- Қыздырғышты тек тік бағытында пайдаланыңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 80 см алшақ орналастырыңыз.
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, «жаңа» иісті кетіру үшін оны термостатты барынша орнатып, 15 минутқа қосып қойыңыз. Тасымалдау алдыңғы қыздыру элементіне жағылған қорғаныш заттың еруіне байланысты аздап түтін шығуы мүмкін.
- Құрылғының астында орналасқан ауа кіру торы бітеліп қалмас үшін, құрылғыны кілемге немесе түкті төсенішке қоймаңыз.
- Құрылғының төменгі жағындағы ыстық ауа шығатын саңылаулар немесе ауа кіру торы жабылып қалмасын.
- Құрылғыны тіпті ол орнатылғаннан кейін де ашаға және розеткаға оңай қол жеткізуге болатындай етіп орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны ауданы 4м<sup>2</sup> көлемінен аз

бөлмелерде пайдаланбаңыз.

- Егер құрылғы құлап кетсе немесе қауіпсіз болмайтындай етіп орналастырылса, қауіпсіздік құралы бұл құрылғыны ажыратады. Құрылғы дыбысты сигнал шығарады да, өшеді. Құрылғыны тігінен қайта қойған соң бірнеше секундтан кейін құрылғының жұмысы жалғасады.
- Бұл құрылғы абайсызда шамадан тыс қызып кеткен жағдайда оны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін құрылғыны қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, құрылғыны розеткаға қайта жалғаңыз. Егер осы қалыпты емес жағдай бірнеше рет қайталанса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.



### **Күйіп қалу қаупі бар!**

- Ұзартқыш сымды пайдалануды ұсынбаймыз, себебі қыздырғышты пайдалану барысында ұзартқыш сымның шамадан тыс қызып кетуі мүмкін.

**CE** Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және электромагниттік сәйкестік (ЭС) және кезекті толықтырулары;

## **КІРІСПЕ**

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Қауіп-қатерлердің және құрылғының зақымдануының алдын алу үшін осы нұсқауларды оқуға бір сәт уақытыңызды бөліңіз.

## **Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар**

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады.

Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.

Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.

## **Маңызды!**

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

## **Күйіп қалу қаупі бар!**

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

## **Ескеріңіз:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

## **СИПАТТАМА**

- A** Мах + Фап индикаторының шамы
- B** Термостат
- C** Қуат таңдағыш
- D** Таймер
- E** Сырғытпа


## **Жалпы нұсқаулар**

Қыздырғышты орамынан алыңыз. Тасымалдау барысында қыздырғыштың немесе қуат кабелінің зақымданбағанын тексеріңіз. Зақымдалған болса, қыздырғышты пайдаланбаңыз. Құрылғыдағы барлық жарнамалық материалдарды алып тастаңыз. Құрылғы бос қойып немесе қабырғаға орнатып пайдалануға ыңғайлы. Қабырғаға орнатылса, аяқтарын құрастырмаңыз.

## **Электр желісіне қосу**

- Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын үйіңіздегі желінің кернеуі құрылғыдағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сай екенін және берілетін қуат мәліметтер тақтасында көрсетілген қуат тұтыну (Ватт) мөлшеріне шыдай алатынын тексеріп алыңыз.
- Егер бір уақытта бірнеше құрылғы пайдаланылса, электрлік құрылғының көрсетілген қуат талаптарына сәйкестігін тексеріңіз.

## **Аяқтарды орнату**





Құрылғының бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз. Аяқтарды құрылғыға берілген 4 түйір В бұрандаларымен  (1-суретті көріңіз)

бекітіңіз (әрбір аяқ үшін 2 бұранда беріледі).

## **Қабырғаға орнату**

Қабырғаға орнату құралдарына мыналар жатады:

- 4 металл кронштейн (A)
- 2 дана 4,8x13 PH (B) бұрандасы
- 4 дана 4,5x25 PH (C) бұрандасы
- 4 пластмассадан жасалған 6x30 (D) дюбелі

- (A) 
- (B) 
- (C) 
- (D) 

## **Құрастыру үшін қажет құралдар және жуықталған құрастыру уақыты**

PH 2 x 100 бұрауышы (Phillips түрі)

Жуықталған құрастыру уақыты: 30 минут

Құрылғыны орнатпас бұрын, мыналарды тексеріңіз:

- a.** Бұл құрылғыны қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- ә.** Орнатудан кейін қуат розетка мен ашаға оңай қол жететін болуы керек.
- б.** Орнату барысында электрлік кабельдерді немесе басқа түтіктерді зақымдап алмау керек.
- в.** Перделер мен тұтанғыш заттардан аулақ ұстаңыз.

Қабырғаға орнату үшін мыналарды орындаңыз:

Құрылғыны беті жалпақ қозғалмайтын жерге төңкеріп қойыңыз. Бұрауыштың көмегімен 2 дана А кронштейндерін 2 В бұрандаларымен 2-суретте көрсетілгендей етіп бекітіңіз.

Кірпіш қабырғалар үшін 6 мм бетон тескіш бұрғыны пайдаланыңыз.

Гипсті қатырма қағаздан жасалған немесе жалған (іші бос) қабырғалар үшін ұсынылған тиісті бұрандаларды және дюбельдерді (бірге берілмейді) пайдаланыңыз.

1. Қабырғаны теспес бұрын, діл нүктелерді белгілеп, 3-суретте көрсетілген ақ жақын қашықтықтарды сақтаңыз.
2. Қабырғаны белгіленген жерінен тесіп, пластмассадан жасалған D дюбельдерін енгізіңіз.
3. 2 А металл кронштейнді берілген екі С бұрандасымен бекітіңіз.

4. Құрылғыны кронштейнге іліңіз.
5. 2 төменгі бекіту нүктелерін белгілеңіз. Құрылғыны алыңыз, төменгі тесіктерді тесіңіз де, қабырғаға арналған D дюбельдерін енгізіңіз.
6. Одан кейін қыздырғышты кронштейнге қайта іле аласыз және құрылғының төменгі бөлігін қалған 2 С бұрандамен бекіте аласыз.

## ПАЙДАЛАНУ

### Іске қосу және пайдалану

Төменде сипатталғандай етіп розеткаға қосыңыз, термостат (B) тетігін ең жоғарыға орнатыңыз және құрылғыны қуат таңдағышы (C) (сипаттаманы көріңіз) көмегімен іске қосыңыз:

- Ең төменгі қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Min** (Ең төмен) бағытына бұраңыз.
- Орташа қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Med** (Орташа) бағытына бұраңыз.
- Ең жоғарғы қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Max** (Ең жоғары) бағытына бұраңыз.
- Желдеткішпен бірге жоғарғы деңгейлі қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Max** ✖ (Жоғары) бағытына бұраңыз (MAX + FAN индикаторының шамы жанады).
- Құрылғыны толығымен ажырату үшін: қуат таңдағышты "0" бағытына және термостатты "✖" бағытына бұрап, ашаны розеткадан суырыңыз.

### Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостат (B) тетігін сағат тілі бағытына қарсы «сырт» еткен дыбыс шыққанша бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз. Термостат орнатылған температураны автоматты түрде реттейді және тұрақты күйде сақтайды. Көктемде немесе күзде немесе ауа райы жұмсақ болған күндері сіз төменгі қуатты пайдалану арқылы қуат үнемдей аласыз.

### Қатудың алдын алу режимі

Термостат (B) тетігі ✖ бағытында болғанда және қуат деңгейлерінің біреуі таңдалғанда құрылғы бөлме температурасын шамамен 5°C деңгейінде ұстап тұрады және төменгі қуат деңгейін тұтыну арқылы қатудың алдын алады.

### Желдеткіші бар үлгілер


Бұл құрылғыда анағұрлым біркелкі және жылдам қыздыруға арналған 2 желдеткіш бар. Бұл функцияны пайдалану үшін, қуат таңдағышты (C) Max ✖ (Жоғары) бағытына бұраңыз.

### 24 сағаттық таймер үлгілері

Құрылғы розеткаға қосылған кезде, жергілікті уақытпен үнемі синхрондалып тұру үшін таймер әрқашан бұралып тұрады.

Құрылғыны таймерсіз іске қосу үшін, таймер сырғытпасын (E) Ⓞ OFF бағытына бұраңыз. Құрылғыны орнатылған уақыттарда іске қосу үшін, сырғытпаны Ⓞ ON бағытына орнатыңыз және мынаны орындаңыз:

- Сағаттағы немесе қолсағаттағы уақытты тексеріңіз. Мысалы, ол 10:00 болса, сандық пернетақта дискісін бағдарламалағышта белгіленген көрсеткіш 10 санына тура келгенше бұраңыз.
- Тістерді сыртқа қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыт кезеңдерін орнатыңыз (суретті көріңіз). Әрбір тіс 30 мин. кезеңге қатысты болады. Осы процедура барысында пайдалану кезеңдеріне қатысты бөлікті көруге болады.
- Осылайша құрылғы әр күні осы орнатылған уақыттарда жұмыс істейді. (Маңызды: құрылғы әрқашан розеткаға қосулы болуы керек)
- Бағдарламаны өзгерту үшін, тістерді бастапқы бағыттарына қайтарып, жаңа жұмыс істеу кезеңдерін орнатыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін, қуат таңдағышын "0" бағытына бұраңыз.



### КҮТІМ КӨРСЕТУ

Кез келген күтімді көрсету алдында қыздырғышты розеткадан суырып, ол толық суығанша күтіңіз.

Бұл қыздырғыш ерекше күтімді қажет етпейді. Шаңды жұмсақ және құрғақ шүберекпен сүртiп алсаңыз болғаны. Ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз. Қажет

болса, кір жиналған жерлерді шаңсорғышпен тазалаңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі Мәліметтер тақтасын көріңіз  
Тұтынылатын қуат "

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз  
Үлгі: "  
Кернеу: "  
Жилік: "  
Қуаты: "

### Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.  
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy  
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.  
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

**Көдендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:**

“Делонги” ЖШҚ  
127055 Ресей, Мәскеу қ,  
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат  
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)



## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОО

| ПРОБЛЕМА                | СЕБЕБІ  | ШЕШІМІ   |
|-------------------------|---|--|
| Құрылғы жұмыс істемейді | <p>Оның розеткаға қосылғанына және розетканың жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.</p> <p>Розетка тесіктеріне ешнәрсе тұрып қалмағанына көз жеткізіңіз.</p> <p>Қуат тетігінің «0» бағытында тұрғанын тексеріңіз.</p> <p>Термостат өте төменгі деңгейге орнатылған болуы мүмкін.</p> <p>Таймерді орнату</p> | <p>Розеткаға қосыңыз</p> <p>Тұрып қалған нәрсе болса алып тастаңыз, қыздырғышты розеткадан суырып, суытып қойыңыз. Егер құрылғы сонда да жұмыс істемей тұрса, ең жақын жердегі қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.</p> <p>Қуат тетігін MIN (ТӨМЕН), MED (ОРТАША), MAX (ЖОҒАРЫ), MAX (ЖОҒАРЫ) ✖ бағытына орнатыңыз.</p> <p>Термостатты қыздырғыш қайта іске қосылғанша жоғарғы деңгейге қарай сағат тілі бағытымен бұраңыз.</p> <p>Таймердің жергілікті уақытқа дұрыс орнатылғанын және тістердің орналасуын тексеріңіз.</p> |